

“Өз құқығыңды білесің бе?” 9 сынып арасында іс шара өтті .

Мақсаты:

- ❖ Бала құқықтары, оларды сақтау, өз құқықтары мен міндеттері туралы түсінік, оларды жүзеге асыруға дайындық қабілеттілігін қалыптастыру
- ❖ Оқушыларды өз құқықтарын қорғай білуге үйрету;
- ❖ Құқықтық нормативтік актілерді орындай, құрметтей білуге үйрету, адамгершілікке, елжандылыққа, құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу;
- ❖ Оқушылардың ойлау, тыңдау, өз ойларын еркін жеткізе алу мәдениетін дамыту, шығармашылық қабілеттерін шыңдау.

-“Адал азамат - Адал еңбек - Адал табыс” тақырыбына сынып сағаты өтті.



-“Ұлттық валюта күні” атты сынып сағаты өтті. Мақсаты: Оқушыларға ұлттық теңгеміздің даму тарихымен алғашқы банкноттардың тарихы жайлы теңгенің маңыздылығын кеңінен насихаттау. Оқушылардың Қазақстанның Тәуелсіз мемлекет ретінде қол жеткізген жетістіктеріне мақтаныш сезімдерін ояту.



Қазақстан Республикасы Бала құқықтары туралы Конвенсияның қабылдануының 35жылдығы мен ратификациялауының 30жылдығы және дүниежүзілік балаларды қорғау күнін жариялағанына 70жыл іс-шара жоспары бойынша 10сыныпта 13.11.2024ж ашық сабақ өтті. Сабақтың мақсаты оқушылар өз құқықтарын біліп қана қоймай өмірде алған білімдерін пайдалана алуға үйрету.

-“Адалдық-адамдық белгісі” тақырыбында сынып сағаты өтті. Мақсаты: -

Оқушыларды сөзіне берік, ісіне адал болуға үйрету.

-Оқушылардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату үшін мейірбан, ақылды,шыншыл, қайырымды және т.б. адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету.

-“Буллингтен қорған” сынып сағаты өтті. Қауіпсіздік сабағының тақырыбы - “Төтенше нөмерлері”.

-«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» тақырыбында сынып сағаты

-«Дені саудың -жаны сау» тақырыбында сынып сағаты өтті.

Мақсаты; Өз-өзіне қызмет көрсетуге дағдыландыру.

Балалардың дене бітімін үйлесімді дамуытуға, денсаулығының мықты болуына , салауатты өмір салтын сақтауға тәрбиелеу.

Оқушылар тақырып бойынша белсене қатысып, өз ойларын ортаға салды.

-Дүниежүзілік еріктілер күні « тақырыбында сынып сағаты

-Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!»

- «Цифрлық диета» челленджі тақырыбында сынып сағаты өтті. Сынып

сағатының мақсаты – гаджеттерден уақытша бас тартудың

артықшылықтарын түсіну және өмірімізге қалай әсер ететінін байқау.

Сынып сағатында оқушылар гаджеттерге тәуелділік мәселесін талқылады.

Олар смартфондар мен әлеуметтік желілердің уақытты көп алатынын, кейде отбасы мүшелерімен, достарымен қарым-қатынасқа кедергі келтіретінін атап өтті. Кейбір оқушылар гаджеттерді аз қолданған күндері өздерін сергек сезінетіндерін, уақыттарын тиімдірек пайдаланатындарын айтты. Олар кітап оқу, спортпен айналысу, табиғатта серуендеу секілді пайдалы істерге көбірек уақыт бөлгендерін жеткізді.

Челлендж барысында оқушылардың көбісі гаджеттерден уақытша бас тартудың оң әсерлерін байқаған. Олардың назарлары жақсарып, шынайы өмірге қызығушылығы артқан. Сонымен қатар, бұл тәжірибе уақытты жоспарлаудың маңыздылығын түсінуге көмектескенін атап өтті.

Сабақ соңында барлығы цифрлық диетаның тек пайда әкелетінін және оны жиі тәжірибеден өткізу қажет екенін түсінді. Бұл сабақ оқушылардың ой-өрістерін кеңейтіп, денсаулықтары мен қарым-қатынастарын нығайтуға түрткі болды.

2.2. Ән шашу байқауы

Мектеп оқушылары 2-тоқсанда ұйымдастырылған «Ән шашу» байқауына белсенді қатысты. Бұл іс-шара оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттырып, өнерге деген сүйіспеншіліктерін нығайтты.

- Қуаныш Аружан
1 “А” сынып оқушысы,
- Үсенбай Жансая
1 “А” сынып оқушысы,
- Темиргалиева Мадина
5 “А” сынып оқушысы



2.3. Кәсіптік бағдар бойынша жұмыстар

Оқушылардың болашақ мамандықтарын дұрыс таңдауы үшін кәсіптік бағдар беру жұмыстары жүргізілді. Бұл бағытта:


- Мамандықтар туралы ақпараттық сабақтар өткізілді.
- Оқушыларды жергілікті колледждер мен университеттердің мамандықтарымен таныстыру ұйымдастырылды.
- Арнайы мамандармен кездесу және кеңес беру жұмыстары жүргізілді.
- **Кәсіптік бағдар беру бағытының мақсаты:** мектептің 7-11 сынып оқушыларына оқу бейінін және болашақ кәсіби қызмет саласын таңдау процесінде оқушыларға кәсіби бағдарлы қолдау көрсету, оқушылардың еңбекке саналы көзқарасын қалыптастыру, өз мүмкіндіктеріне, қабілеттеріне сәйкес және еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, қызмет саласын таңдау еркіндігі жағдайында кәсіби өзін-өзі анықтау.
- Мақсатқа сәйкес «11» және «9» сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығын диагностикалау нәтижелері бойынша сауалнама» жүргізілді. Сауалнама нәтижесі бойынша 11 сынып балалары кейбір оқушылар өз бағыттарын, мамандықтарын нақты таңдап отырғандығына нақтыланса, кейбір «11», «9» сынып оқушыларында әлі де ой үстінде жүрген оқушылар кездесті.
- Кәсіптік бағдар беру жоспарына сай 9, 11 сынып оқушыларына әр қаладан, университеттерден, колледждерден ұстаздар, студенттер келіп мамандықтармен таныстыруда және де мектеп ұстаздары оқушыларды Атбасар қаласының кәсіпорындарына, мекемелеріне апарып жүр. Басқа қалалардың университет, колледждердің оқытушылары келіп кәсіби

бағыт бағдар беруде. Оқушының кәсіби өзін табу жағдайына психологиялық көмек беру және қызығушылық қабілетін айқындау мақсатында оқушылардан: «Мен мамандықты таңдаймын», «Кім боламынд? «Мамандықтың бәрі жақсы», «Не? Қайда?Қашан?» баяндама оқылып, викторина өткізілді.

- Ата-аналарға кәсіптік бағдар бойынша кеңес беру жұмыстары ата-аналар жиналысында **«Баланың мамандық таңдаудағы ата-ананың ролі», «Біздің балаларымыздың таңдайтын мамандықтар», «Өзіңізді және балаңызды емтихандарға қалай дайындау керек?»** тақырыбында ата-аналарға кеңес беру жұмыстары жүргізілді, сауалнамалар алынды. Оқушыларға мамандық таңдауда ата-ананың ролінің маңыздылығын түсіндіру.

Мектебіміздің педагог- психологі
Г.Мулдахметова 8 сынып оқушыларынан, Кәсіби
таңдау туралы Дж.Холланд сауалнама алды.
Мақсаты: Оқушылардың қызығушылығы
бойынша мамандық таңдау бағыттарын анықтау.


<https://www.instagram.com/p/DB8QfJRswT8/?igsh=ZmtNNTZmeXJ3Y3B3>



“Ой. Арман. Мақсат” 11 сынып оқушылары.

Кәсіптік бағдар беру мақсатында әңгіме
жүргізілді

https://www.instagram.com/reel/C_abWZWsQy7/?igsh=MTVlbWp6dTlqeWVobQ==



√8 жалпы білім беретін орта мектебі 2 А сынып оқушысы, белсенді оқушылардың бірі Алибекова Инара Атбасар қаласының төтенше жағдайлар бөлімінде қызмет ететін әкесі туралы айтып берді ол әкесінің құтқарушы екенін мақтанышпен айтты

https://www.instagram.com/reel/DAAUTAmoi_f/?igsh=eXVhcmc2dnhnbjFv



Біртұтас тәрбие бағдарламасы” бойынша 11 “А” сынып оқушыларында, “Еңбек - жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы” дәйекісөзіне арналған, кәсіптік бағдар беру мақсатында «Еңбек түбі береке» тақырыбында сынып сағаты, 1. Қауіпсіз еңбек жағдайларын қалай қамтамасыз ету керек?” 2.Электр тогы туралы ҚЕ өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/DAP6GrqsmI/?igsh=MXh1amo4eG00dDMycw==>



2024 жылдың 8 қазан күні кәсіби бағдар беру мақсатында мектебіміздің 9-11 сынып оқушыларымен К. Кулажанов атындағы қазақ технология және бизнес университетінің, оқытушылары Ешпанов Владимир Сарсембаевич және Усманов Кубей Камбарович келіп кездесу өткізді.

<https://www.instagram.com/p/DA3v8gmsrTx/?igsh=MTN4MGlpZWdjOTlndQ==>



9.12.2024 ж. Ш. Қабылбаев атындағы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қостанай академиясының оқытушылары 11 сынып оқушыларына кәсіптік бағдар беру мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Бұл шара барысында оқушыларға құқық қорғау органдарының жұмысы, полиция мамандықтарының ерекшеліктері, сондай-ақ академияның оқу бағдарламалары мен қабылдау талаптары туралы мәлімет берілді. Оқушыларға құқық қорғау саласында қызмет етуге қажетті білім мен дағдылар, сондай-ақ Ішкі істер министрлігі жүйесінде жұмыс істеудің артықшылықтары түсіндірілді. Мұндай шаралар оқушылардың болашақ мамандық таңдауда дұрыс шешім қабылдауларына ықпал етеді.

<https://www.instagram.com/p/DDv8uq0MW7l/?igsh=c2x5M2gyaHcyXhk>



Мектебіміздің педагог- психологі Г.Мулдахметова 8 сынып оқушыларынан, Кәсіби таңдау туралы Дж.Холланд сауалнама алды. Мақсаты: Оқушылардың қызығушылығы бойынша мамандық таңдау бағыттарын анықтау.

<https://www.instagram.com/p/DB8QfJRswT8/?igsh=ZmtNNTZmeXJ3Y3B3>

Instagram




“Ой. Арман. Мақсат” 11 сынып оқушылары.

Кәсіптік бағдар беру мақсатында әңгіме жүргізілді

https://www.instagram.com/reel/C_abWZWsQy7/?igsh=MTVlbWp6dTlqeWVobQ==

am.com/reel/C_abWZWsQy7/?igsh=MTVlbWp6dTlqeWVobQ%3D%3D

stagram



Вс
пр

Өткізілген іс-шаралар

1 А, 1 Ә сыныптарында “ ҚОШ БОЛ, СҮЙІКТІ ӘЛІППЕМ!” атты Әліппемен қоштасу ертеңгілігі өтті. Ата-аналар разы боп, алғыстарын білдірді.



- **Мерекелік іс-шаралар:**

Мысалы, Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекесіне орай ұйымдастырылған іс-шаралар.

16 желтоқсан Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күніне арналған салтанатты жиында √8 ЖОББМ «Атамекен» (музыкасы Ескендір Хасанғалиев сөзі Кадыр Мырзалиев) әнін орындады



Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күніне арналған салтанатты жиын өтті

Мақсаты : Оқушылардың өткен тарихымызға деген ұлттық көзқарастарын қалыптастыру елді, жерді Отанын сүюге және егемен елімізді сақтауға және оны гүлдендіруге құштар патриоттық күш – қуаты мол жастарды тәрбиелеу.

Жаңа жыл — көптеген елдерде жыл сайын тойланатын мереке. Ол ескі жылдың аяқталуы мен жаңа жылдың басталуын білдіреді. Әр халықтың жаңа жылды қарсы алу дәстүрлері мен мерекелеу рәсімдері әртүрлі болғанымен, көптеген мәдениеттерде бұл мереке ертегілер мен аңыздарға бай болып келеді. Жаңа жыл туралы ертегілер де осы дәстүрлердің бір бөлігі болып саналады. жыл — мектепте әрқашан ерекше атап өтілетін мереке. Оқушылар кеңесі мен өзін-өзі басқару ұйымы жаңа жылдық мерекесін бастайды. Мектептегі өзін-өзі басқару жүйесі оқушыларға маңызды жауапкершіліктер мен мүмкіндіктер береді. Бүгін 0А,1А,1Ә,2А сынып оқушыларында “Қош келдің Жаңа жыл” атты ертеңгіліктері өтті. Балалар ән айтты, би билеп Аяз атадан сыйлық алды.

Мектептегі өзін-өзі басқару ұйымы жаңа жылдық құттықтау шараларын ұйымдастырғанда бірнеше маңызды аспектілерді ескеру керек. Бұл шаралар мектеп ұжымының бірігуіне, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, сондай-ақ жаңа жыл мерекесінің көңілді атмосферасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Мектептегі өзін-өзі басқару ұйымы жаңа жылдық құттықтауы


Атбасар қаласы. 8 орта мектебі.

Бүгін 24.12.24. Мектебімізде “”Жасыл шырша”” мерекесі өтті. Мерекеге оқушылар белсене қатысты. Оқушылар би билеп, ән айтып, аяз атаға арналған тапқатарын орындап берді.Барлық оқушылар мерекелік костюмдерін киіп, шыршаны айналып өз өнерлерін ортаға салды.Мерекені ұйымдастырушы Исакова. А. А мен мектебіміздің оқушыларына алғысым шексіз. Көп рахмет. Менің оқушыларым мен ата аналарым алғыстарын білдіруде. Жаңа жыл құтты болсын!

“Жасыл шырша” атты мерекелік ертеңгілік өтті. Оқушылар барлығы белсенді қатысып өз өнерлерін көрсетті, барлық ойындарға қатысып Аяз Атадан сыйлық алды.



“Шырша қасында” іс-шарасы – бұл мектептерде жаңа жыл мерекесіне орай ұйымдастырылатын дәстүрлі іс-шаралардың бірі. 9-11 сынып оқушылары үшін мұндай іс-шаралар көбінесе шығармашылық, мәдени және әлеуметтік бағытта өткізіледі. Олар өз өнерлерін көрсету, түрлі конкурстар мен жарыстарға қатысу арқылы жаңа жылды қарсы алуға дайындалады. Мұндай іс-шаралардың мақсаты – оқушыларға мерекелік көңіл-күй сыйлау, топтық жұмыс дағдыларын қалыптастыру және жаңа жылдық дәстүрлерді насихаттау. Сондай-ақ, іс-шаралар барысында мектептің барлық оқушылары мен мұғалімдері жаңа жылды бірге қарсы алуға мүмкіндік алады, бұл олардың бір-бірімен жақындасуына, достық қатынастарын нығайтуға, және мектеп қауымдастығының рухын көтеруге ықпал етеді.



Желтоқсан айының 23-24 күндері жаңа жылдық Президенттік шыршаға 5 “Ә” сынып оқушысы Серік Талшын қатысты. Балақайларды келген күннен бастап көңілді қарсы алып, оларды М. Габдуллин атындағы мұражайға апарды, Ш. Кусайнов атындағы драма театрдағы қойылымды тамашалады, кешке қызықты ойындар , мерекелік ас өткізілді. Жаңа жылдық мереке “Сәлем, Жаңа жыл” атты ойын бағдарламасымен басталды. Облыс әкімінің қатысуымен театрланған жаңа жылдық бағдарламамен жалғасып, сыйлықтар үлестірді. Балаларға күшті көңіл күй сыйлады.

Жаңа жыл шыршасы — жаңа жыл мерекесінің басты символы болып табылады. Бұл шырша, әдетте, сәнделіп, түрлі ойыншықтармен, шамдармен безендіріледі. Жаңа жыл шыршасының тарихы өте көне заманнан бастау алады. 3-4 сыныптарда “Жасыл шырша” атты мерекелік іс-шара өтті.

2024 жылдың 25 желтоқсаны күні сағат 12:00-де №3 жалпы білім беретін мектебінде «Ерекше қажеттілігі бар» және “Аз қамтылған” оқушыларға арналған әкімнің шыршасы өтті. Бұл іс шараға мектебіміздің 4 “А” сынып оқушысы: Кожанбетова Алуа, 6 “Ә” сынып оқушысы Курман Мухамед-Али қатысып, арнайы сыйлықтарға ие болды.



2024 жылдың 26 желтоқсан күні сағат 10:00-де №5 жалпы білім беретін мектебінде “Қорғаншылық, қамқоршылықтағы” оқушыларға арналған әкімнің шыршасы өтті. Бұл іс-шараға мектебіміздің 0 “А” сынып оқушысы: Рақымжан Меруерт, 3 “А” сынып оқушысы: Рақымжан Жасмин және 5 “Ә” сынып оқушысы Рақымжан Меруерт қатысып, арнайы сыйлықтарға ие болды.

Кәсіподақ шыршасы – бұл көбінесе жұмысшылар мен олардың балаларына арналған мерекелік іс-шара, әсіресе жаңа жыл мерекесін қарсы алу кезінде ұйымдастырылды. Мұндай іс-шаралар әдетте балалық қуаныш пен көңілді атмосфераны сыйлайды, өйткені шырша жанында ойындар, қойылымдар, сыйлықтар және басқа да қызықты бағдарламалар ұйымдастырылды. Қазіргі кезде кәсіподақ шыршалары көбінесе мәдени бағдарламалармен және әртүрлі конкурстармен, сыйлықтармен әрленеді. Бұл шара қызметкерлер мен олардың отбасыларына демалуға, көңіл көтеруге және бір-бірімен жақын танысуға мүмкіндік береді. Шырша өте көңілді өтті



- **Тәрбие сағаттары:**
Патриоттық тәрбиеге арналған сынып сағаттары.

Ұстаз” фильмін тамашалады. Бұл - қазақстандық ұстаздардың өмірі туралы хикая. Ұстаздық жолды таңдаған мамандардың күнделікті тіршілігі, бүгінгі мектептің бейнесі, патриоттық тәрбие, оқушы мен ұстаз арасындағы қарым-қатынас осы хикаядан көрініс тапқан. Негізгі кейіпкер - бастауыш мектептің жас мұғалімі.

11 А сынып оқушылары



- **Спорттық іс-шаралар:**

Қысқы спорт түрлеріне арналған жарыстар.

30 қазан күні күзгі демалыс жоспарына сай 2»А» сыныбында ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында «Асық ату» ойыны өткізілді. Асық ату — ертеден келе жатқан қазақтың ұлттық ойындарының бірі. Ұлттық ойындар көбінесе әр халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларына, шаруашылық мүмкіншіліктеріне байланысты қалыптасқан. Мақсаты:Берілген тапсырмаларды зейін қойып орындауға үйрету. Ойын арқылы балалардың қимыл іс - әрекетін дамыту.Балаларды ептілікке, мергендікке тәрбиелеу. Балалардың демалыс уақытын тиімді пайдалана білуге ықпал жасалды. Өте белсенді қатысты.

5”Ә” сынып

Сынып жетекшісі:Н.Шокпарбаева

Тақырыбы: Ең,ең,ең, мықты жарысы

Мақсаты: Балаларды үш топқа бөлу арқылы 1ші топқа өткен тақырыптарды саралау. Топтың арасындағы мықты топты анықтау.

9-11 сыныптар арасында шахмат жарысынан 1-орын иеленген Мусажанова Ясмина, Кауенов Диар, Сагандық Ануар,Казиханов Дарын осы оқушылар қатысты. Дене шынықтыру мұғалімі Ауезов К.С

15.11.2024 ж. Атбасар қаласының төтенше жағдайлар бөлімшесі №4 аға инженері Жананбаев Ертай 9-11 оқушылар арасында «Өрт-тілсіз жау» атты дәріс оқыды. Мақсаты: Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету адамдардың өмірі

мен денсаулығын, меншікті, ұлттық байлық пен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік қызметтің ажырамас бөлігі болып табылады.

Біздің мектебімізде Тәуелсіздік күніне арналған “Асық ату” жарысында 2 орын алған оқушыларымыз Бижанов Мансур, Нағашыбай Жандаулет, Қабдешов Мейрам. Дене шынықтыру мұғалімі Аuezов Қ.С

- **Экология мәселелері**

01.11.2024ж. Атбасар қаласындағы №8 ЖОББМ-де «Зиянды заттардың зардабы» тақырыбы бойынша 6 сынып арасында викторина өтті.

Мақсаты: Салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене шынықтырудың құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастыру, зиянды заттардың зардабы туралы түсіндіру.

Адам және табиғат” үйірмесі жұмысын жалғастырып жатыр. Ақмола облысының ғалымдары, кәсіпкерлері, жастары, студенттері, оқушылары арасында “ECO AQMOLA” экологиялық идеялар мен жобалардың облыстық конкурсына Елбекова Назым 9 сынып оқушысы №8 ЖОББМ Атбасар қ. дайындық жұмыстарын жасап қатысуға кірісті.

Конкурстың мақсаты:

- экологиялық бастамаларды анықтау және қолдау;
 - жеке тұлғаны дамыту, өңір тұрғындарының жобалау-зерттеу және ғылыми жұмысқа қатысуын ынталандыру;
 - мемлекеттің үдемелі индустриялық-инновациялық дамуы бойынша мемлекеттік саясаттың басымдықтарын іске асыру мақсатында экономиканың түрлі салаларында экологиялық жобаларды әзірлеу және енгізу;
 - қалдықтармен тиімді жұмыс істеу, экологиялық деректерді цифрландыру, жануарларға жауапкершілікпен қарау, экологияда жасанды интеллектті пайдалану, баламалы энергетиканы дамыту, қоршаған ортаға зиянды шығарындылар көлемін азайту, түрлердің әртүрлілігін сақтау және басқалар.
- Қарашаның 29-ы күні Көкшетау қаласында «Экологиялық-туристік-өлкетану қызметі – балалар мен жастардың патриоттық тәрбиесінің ресурсы ретінде» облыстық семинар өте жоғары деңгейде өтті және оң әсер қалдырды. Семинарда экологиялық, туристік және өлкетану әдістерін білім беру процесіне біріктірудің маңыздылығы көрсетілді. Бұл бағыттар жас ұрпақтың патриоттық сезімдерін қалыптастыруға үлкен ықпал етеді. Әсіресе педагогтар, мамандар мен белсенділер арасындағы тәжірибе алмасу құнды болды. Олар өздерінің әдістері мен табысты тәжірибелерімен бөлісті.



Іс-шараны ұйымдастырушылар семинар бағдарламасын мұқият дайындап, қатысушыларға тек теориялық материалдарды ғана емес, балалар мен жастармен жұмыс істеуге арналған практикалық құралдарды да ұсынды. Экологиялық сананы тәрбиелеу, туған өлкені зерттеу және туристік маршруттарға қатысу мәселелеріне ерекше назар аударылды. Мұның барлығы Отанға деген сүйіспеншілік пен оның табиғи және мәдени мұрасын сақтауға деген жауапкершілікті қалыптастыруға ықпал етеді.

Әлеуметтік жобалар:

Волонтерлік жұмыс, қайырымдылық акциялары.

№8 ЖББОМ белсенділері «Әрекет ету уақыты» атты «Жас Ұлан» ББЖҰ және оқушылардың өзін-өзі басқаруы І-ші аудандық белсенділер құрылтайына қатысып белсенділік көрсетті.

14 қараша күні Мектебімізде инклюзияны қолдау кабинетінің ашылу салтанатты жиыны өтті. Ашылуға қонақ болып

Ақмола облысында инклюзивті білім беруді дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесінің төрағасы, саясат ғылымдарының кандидаты

Ибраев Марат Өмірбайұлы.

Атбасар газетінің тілшісі Шахин Өмірсерік

Атбасар ауданы бойынша білім бөлімінің басшысы Наймушина Наталья Георгиевна

«АМАНАТ» партиясы аудандық филиалының хатшысы- Жәкішева Назгүл Өлімқызы

Атбасар қ. ПМПК КММ меңгерушісі Сүйінжанова Ғалия Жомартқызы
Арнайы мектеп интернатының директоры Белинская Светлана Петровна

№8 түзету кабинетінің меңгерушісі Наймушина Светлана Георгиевна

Атбасар ауданы бойынша мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесінің меңгерушісі Шулакова Гүлшат Амангелдіқызы.

Атбасар ауданы бойынша ата-аналар қауымдастығының төрағасы

Сәдуақасова Баян Мыңжасарқызы

Атбасар ауданының бөлімі бөлімінің инклюзивті білім беру әдіскері

Мотузкова Оксана Сергеевна келді.
Өздерінің құттықтау сөзін сөйлеп, жылы лебіздерін білдірді.



15-қараша, №8 жалпы орта білім беретін мектебінде 9-11 сынып оқушылары арасында “Абайтану” олимпиадасы өтті. Олимпиада екі кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде оқушылар ақынның өмірі мен шығармашылығына қатысты тапсырмаларды орындаса, екінші кезеңде Абайдың өмірі мен шығармашылығына байланысты тақырыптардың бірін тандап, эссе жазды. Біздің мектептен 9-сынып оқушысы Азаматқызы Мадина, 10-сынып оқушысы Нағашыбай Ботакөз және 11-сынып оқушысы Зиякулова Сабина белсене қатысып, өз білімдерін көрсетті. Оқушылар Абай мұрасына деген терең қызығушылықтары мен шығармашылық қабілеттерін танытып, олимпиаданың жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын атап өтті. Бұл іс-шара оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, олардың рухани дамуына үлес қосты.

«Жасырын кітаптар» викториналық ойыны: ойынға бес оқушы қатысады, үстел үстінде сыйлық ретінде кітаптар жатады. Оқушы буманың басын, бетбелгі салынған кітапты ашып, шығармадан үзінді оқиды, ойынның басқа қатысушыларына қандай шығармадан немесе шығарманың авторын жорамалдауға келеді. Викторинаға 4 сынып оқушылары қатысты. Іс шараның сонында оқушыларға кітапханаға жие келуге ұсынылды.

19 қарашасында Атбасар ауданында сырттай облыстық «Әдебиет қаһармандарының шеруі» фестивалі өтті. Фестивальге біздің оқушылар қатысты: Рахымжанова Ақмарал 11-сынып, Арыстан Арыслан 6-сынып, Арыстан Арыслан фестивалде 3-ші жүлделі орынға иеленді.

«Адал ұрпақ» тобы кезекті отырысын өткізді, отырыста А.Искакова айлық жоспар талдатып, жауаптыларды жүктелді.

5 желтоқсан дүниежүзілік еріктілер күніне орай √8 ЖОББМ “ЕріктілерTimes” тобының жұмыс жоспарына сәйкес мектепшілік “қайырымды шара жаса” акциясы өтті”

Мақсаты:

1. мектеп оқушыларын қайырымдылық жасауға тәрбиелеу
2. Қайырымдылықтың кішкентай қадамдардан тұратынын түсіндіру
3. Еңбекті бағалай білуге үйрету

Жоспар бойынша әр сынып оқушысы өзінің шағын қадамы арқылы бүгінгі күнін қайырымдылыққа арнау.

Мектебімізде «Адалдық дүкені» жұмыс жасайды. «Адалдық дүкендері» өсіп келе жатқан ұрпақ бойында адалдық қасиеттерін нығайта отырып, білім ұйымдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға септігін тигізетіні анық.

Жобаның мақсаты – қоғамда сенім атмосферасын қалыптастыру және оқушыларды адалдыққа баулу. Адалдық дүкенінде қолжетімді бағадағы түрлі тағамдар мен сусындар сатылымда тұрады. Бұл жерде сатушының болмауына байланысты өзіне-өзі қызмет ету жұмысы ұйымдастырылған. Алынатын тауарды оқушы өзі таңдап алады да, төленетін ақшаны жанындағы қорапқа салып кетеді. Мұндай әрекеттер оқушылардың жағымды моральдық қасиеттерін, соның ішінде ішкі парасаттылық пен адалдыққа тәрбиелеуге бағыттайды.

Жалпы республикалық «Еркін демал» акциясын өткізді.

мақсаты оқушыларды зиянды әрекетке барудан алдын алу, салауатты өмір салтына баулу.

1 желтоқсан-Дүниежүзілік ЖИТС-қа қарсы күніне байланысты, Мектеп өзін-өзі басқару ұйымының оқушылары Ұлан басы Мусажанова Ясминаның ұйымдастыруымен акция өткізілді. Мақсаты: 1.ЖИТС — бұл адамның иммун тапшылығы вирусынан (АИТВ) туындайтын ауру. АИТВ — адамның иммун жүйесіне зиян келтіріп, оның қорғаныс қабілетін төмендететін вирус. ЖИТС кезеңі АИТВ жұқтырған адамның денсаулығы қатты нашарлап, түрлі инфекциялар мен қатерлі ісіктерге қарсы тұра алмайтын кезі.2. АИТВ мен ЖИТС арасындағы айырмашылық

АИТВ — адамның иммун тапшылығы вирусы. Ол адамның иммун жүйесін әлсіретеді.

ЖИТС — бұл АИТВ жұқтырған адамда иммундық жүйенің ауыр зақымдануы мен көптеген аурулардың пайда болуы.



Қауіпсіздік ережелер:

9-11 сынып оқушыларымен полиция қызметкерлерімен полиция майоры С.Токжұманова мен полиция капитаны Б.Рахымжанов «Бұзақылық, әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтар» тақырыбында профилактикалық әңгіме жүргізді.

Атбасар қаласы №8 ЖОББМ мектебінде 5-11 сыныптар арасында “Закладка” туралы бейнеролик көрсетілді, содан кейін оқушылармен әңгімелеу, түсіндірмелі жұмыстар өткізілді. Осы дәрістің мақсаты: “Закладка” термині наркотиктермен байланысты қолданылғанда, заңсыз наркотикалық заттарды жасыру немесе сату мақсатында жерге, ғимараттарға немесе басқа орындарға жасырын орналастыруды білдіреді. Бұл әрекет заңға қайшы болып табылады және қылмыс болып саналады. Құқық бұзушылық: Закладкалар заңсыз заттарды сатудың негізгі әдістерінің бірі болып табылады. Мұндай әрекеттер қылмыс ретінде жазаланады.

Закладка сатқан адам, немесе оны жасауға қатысқандар заң алдында жауапты болады.

Закладкаларды қолдану арқылы наркотиктерді тұтынушылар мен сатушылар арасында есірткі саудасы жасалады, бұл қоғамның қауіпсіздігіне үлкен қатер тудырады. Закладкалардың қауіптілігін түсіндіру және наркотикалық заттардан аулақ болуға шақыру мақсатында ақпараттық іс-шаралар өткізіледі.

Закладка жасау немесе оны пайдалану қылмыс болып табылады және адамның өміріне үлкен қауіп тудырады. Бұл жағдайда заңды сақтап, есірткімен байланысты әрекеттерден аулақ болу маңызды.

Ювеналдық полиция тобының инспекторлары жиі мектептерде оқушылармен кездесу өткізеді, құқық бұзушылықтардың алдын алу, заңды білу және әлеуметтік тәртіпті сақтау бойынша дәрістер жүргізеді. Бүгін Ювеналдық полицияның инспекторы С.Токжұманова мен аға прокурор А.Ашимова 8-11 сынып оқушылар арасында құқықбұзушылық туралы дәріс оқыды.



Лудомания (немесе құмар ойындарға тәуелділік) – бұл адамның құмар ойындарға деген шамадан тыс қызығушылығы мен оларды ойнауға деген күшті құштарлығын сипаттайтын психологиялық жағдай. Лудомания адамдардың өміріне теріс әсер етуі мүмкін, өйткені бұл тәуелділік олардың қаржылық жағдайына, әлеуметтік қатынастарына және денсаулықтарына үлкен зиян келтіреді. 5-8 сыныптар арасында ДТЖО А.Искакова оқушылармен әңгіме жүргізді.

09.12.2024ж. Атбасар қаласындағы №8 ЖОББМ-де қауіпсіздік сабағының тақырыбы: «Кибербуллингтің белгілері, қалай ерте тануға және өзіңді қорғауға көмектесуге болады?». Кибербуллинг – интернет, әлеуметтік желі, түрлі сайт арқылы қоқан-лоқы көрсету. Жәбірлеуші телефонмен хабарласып немесе әлеуметтік желіде жазып, адамды қорқыта алады. Кибербуллинг жасаушы ауызша немесе белгілі бір фото, видео жариялап, қорлауы мүмкін. Осы күні ғаламторда баланың өз-өзіне, жақындарына, туыстарына қол жұмсауына итермелейтін ойындар да аз емес. Бұдан бірнеше жыл бұрын кибербуллингтердің «жемісі» саналатын «Көк кит», «Тыныш үй», «Мені сағат 04:20-да оят», «Қызыл жапалақ», «Киттер мұхиты», «Құс жолы», «NaN», «F57» сынды ойындар дүние жүзін дүрліктіргені белгілі. Енді осындай қауіпті ойындардың қазақ тілінде де пайда бола бастағаны жұртшылықты алаңдатуда.

Цифрлық зорлық-зомбылықты әртүрлі жағдайларда – жұмыста, мектепте немесе университетте, отбасында кездестіруге болады. Мұндай зорлық-зомбылық бейтаныс адамдардан да, жақын адамдардан да туындай алады.

Абай болыңыз, жұқа мұз!

Балаларыңызға назар аударыңыз, қатаймаған мұзға шығу қаупі туралы айтыңыз. Балаңыздың бос уақытын қайда өткізетініне қызығушылық танытыңыз, қыс кезеңде балалардың су айдындарында болуына және өтулеріне жол бермеңіз. Әсіресе, мұз айдынында ойнауға жол берілмесін! Судың жылдамағатын және ағындысулар мен бұлақ соғатын жерлерінде,

сондай-ақ су өсімдіктері өсетін аймақтарда, ағаштар мен бұталардың жанында мұз әлсіз екенін есте ұстаған жөн.

Қар мен қардың үйіндісі астында және жағалауда мұз өте қауіпті.

Ересектер бей-жайқарамаңыз, балалардың мұзға шығу әрекеттерін тоқтатыңыз, нем құрайлылық қайғылы жағдайға айналуы мүмкін!

19.12.2024жылы 11сыныбында «Заң және құқықбұзушылық» тақырыбында лекция сабақтары жүргізілді. Ондағы мақсат Қ.Р.Конституциялық заңындағы қылмыспен және Қылмыстық кодекстің баптырымен таныстып алдын ала түсіндірме сабақтарын жүргізу.



Сондай-ақ, екінші тоқсан аяқталғаннан кейін сынып жетекшілер ата-аналар жиналысын өткізді. Барлық мәліметтер инстаграм желісіне салынды.

Спорттық үйірмелер, "Сөз додасы" дебат клубы, "Шаңырақ клубы" үйірмелер жұмыс жасауда



3. Қорытынды

2-тоқсанда өткізілген іс-шаралар мен тәрбие жұмыстары оқушылардың рухани және әлеуметтік дамуына оң ықпал етті. Тәрбие жұмыстары барысында оқушылардың белсенділігі жоғары деңгейде болды.

Келесі тоқсанға ұсыныстар:

- Ұлттық құндылықтарды насихаттайтын қосымша іс-шаралар ұйымдастыру.
- Кәсіптік бағдар бойынша ата-аналармен бірлесе жұмыс жасау.
- Спорттық және экологиялық бағыттағы жобаларды көбейту.

Барлық ақпараттар инстаграмм желісіне салынды.

https://www.instagram.com/atbasar_8zhobbm/

ДТЖО:

Искакова А.А.